

М. Е. Уалиев, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры;

А. М. Дүйсембеков, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Қазақстандық полицияның құрылу тарихы

Аннотация. Мақалада Тәуелсіз Қазақстандағы полицияның құрылу тарихы қарастырылған.

Түйін сөздер: Республика, ішкі істер органдары, полиция, заң, құқық.

XX ғ. соңғы 10 жылдығында Қазақстан тарихы революциялық сипаттағы өзгерістерге ұшырап, қазақстандық егемендікті алу жолына шықты. 1990 жылы 25 қазанда Республиканың Жоғарғы Кеңесі Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі туралы Декларацияны қабылдады. Бұл еліміздегі демократиялық үдерістердің жылдам жүзеге асырылуына себепші болды. 1991 жылы тамыздағы төңкерістер КСРО құлдырауын тездетіп, одақтық республикалардың егемендіктерін алуға септігін тигізіп, Қазақстанның Кеңес Одағының Коммунистік партиясынан шығуына жол ашылды.

1991 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тарихындағы тұңғыш Президенттік жалпыхалықтық сайлау өткізілді. Халықтың демократиялық таңдауының арқасында Н. Ә. Назарбаев Президент атанды. 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы шықты.

Елеулі өзгерістерге ұшыраған жас мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси өмірінде тұрақтылық пен негізгі ережелер талап етілді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен 1993 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Егеменді Қазақстанның негізгі Заңы Республиканы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін білдірген мемлекет атанды.

Алайда еліміздегі нарықтық қатынастардың белсенді дамуы, қоғам күштерінің үлесі мен қоғамдық сана басымдықтарының өзгеруі конституциялық өзгерістерді одан әрі дамытуды талап етті.

Қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық парадигмасының ауысуы мемлекеттік аппараттың, соның ішінде құқық қорғау органдарының құзыреттілігін, құрылымын, функцияларын өзгертуге тура келді. Осылайша, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1992 жылы 23 маусымда «Қазақстан Республикасының ІІО туралы» Заң қабылдады. Осы заңға сәйкес ІІО алдында төмендегідей міндеттер пайда болды:

- адам және азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау;
- қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмыстылықпен күрес;

- өз құзыреттілігі шегінде қылмыстық және әкімшілік жазаларды орындау;
- жол жүру саласында заңдардың, нормалардың, ережелердің және стандарттардың орындалуына бақылау жасауды жүзеге асыру, соның ішінде мемлекеттік рұқсат беру шараларын жүзеге асыру;
- елді-мекендерде, шаруашылық объектілерінде меншік және өрт сөндіру нысанына қарамастан, өрттік қауіпсіздік жағдайына бақылау жасауды қамтамасыз ету.

Алғаш рет заңнама тұрғысынан Қазақстан Республикасы ІІО құқықтық мәртебесі, құқықтары мен міндеттері, полиция қызметкерлерімен арнайы құралдар мен атыс қаруын қолданудың құқықтық негіздері, ІІО қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуы анықталды.

ІІО қызмет өткерудің өзге аспектілері өзге нормативті-құқықтық актілермен реттелді, соның ішінде «ІІО қатардағы және басшы құрамның арнайы атақтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің Қаулысымен, «Қазақстан Республикасы ІІО қатардағы және басшы құрамның қызмет өткеруі туралы» Ережеменбекітілген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысымен 1992 жылы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы ІІО қатардағы және басшы құрам Антының мәтіні бекітілді.

Қазақстан Республикасының бірінші Ішкі істер министрі болып 1992 жылы 17 сәуірде милиция генерал-майоры В. Г. Шумов тағайындалған. Ол өз алдына жаңа мемлекеттің ІІО келесідей негізгі қызметінің бағыттары анықтады:

- ұйымдасқан қылмыстылықпен күрес;
- экономика, банк және қаржы саласында қылмыстық қол сұғушылықтардың жолын кесу;
- республиканың шекарасынан лицензияланбаған шикізат, тауарлар және қаражат құралдарының өтуіне жол бермеу;
- көшелерде және қоғамдық жерлерде құқықтық тәртіпті сақтау;
- азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Мемлекеттің бірыңғай милиция жүйесін Қазақстан Республикасы ІІМ басқарды. Оған облыстық ішкі істер органдарының басқармалары, соның ішінде көліктегі, қалалық, аудандық, қала ішіндегі аудандық, поселкелік ішкі істер органдарының бөліністері, сонымен қатар, ерекше режимді объектілер, оқу орындары, мекемелер және ұйымдар кірді. ІІО орталық звеносы болып аудандық қалалық органдар құрады. Ақырғыларды нығайту мақсатында, Қазақстан Республикасы ІІМ құрылымдары мен штаттарын дамыту бойынша шаралар қабылданды. Осылайша, 1992 жылы ІІМ және облыс ІІБ аппараты жеке құрамының 12,9 % қысқартылды, ал босап қалған штаттық орындарды қалалық, аудандық ішкі істер органдарына тергеу мен анықтау бөліністерін толықтыру үшін жолдаған болатын, ал 1993 жылы қосымша 3551 штаттық бірлік беріліп, оның 50 % ІІО жедел-тергеу бөліністерін күшейту үшін берілген. Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларында Қазақстан Республикасы ІІМ қалалық ІІБ құрылды.

Елдегі жедел жағдайдың күрделілігіне қарамастан, еліміздің құқық қорғау органдары әрекеттерді сенімді орындап, алға қойған мақсаттарға жемісті жетіп жатты. Осылайша, 1993 жылдың басынан бастап, полиция қызметкерлері өзге ведомстволардың органдарымен бірлесе отырып, 3,5 мың коммерциялық және өзге салаларды, 340 банкті, 7 мыңға жуық сауда объектілерін тексеріп шықты. Нәтижесінде 4 мың түрлі бұзушылықтарды анықтады. Алынған мүліктің жалпы сомасы 12 млн. сомнан асты. Шекарадан жалпы сомасы 100 млн. сом құрайтын тауарлар мен шикізаттың заңсыз өтуіне жол берілмей, 535 бұзушылықтың жолы кесілді. 1993 жылы ақпанның бірінші бес күні ішінде-ақ қалалар мен аудандарды кешенді жедел тексеру барысында 324 қылмыстық топтың қызметі құрықталды, оның ішінде 74-і тонау мен қарақшылық жасаумен, 17 — рәкетпен, 144 — пәтер ұрлығымен айналысқандар. Сот әділдігінен қашып жүрген 550 қылмыскер ұсталынды. Қылмыстық жауапкершілікке 1629 тартылып, 785 қамауға алынды.

Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін жылдар бойы одақтық республикалардың ІІМ арасындағы өзара әрекеттестік механизмі де жоғалып кетті. Құқықтық көмек көрсету, өзара бірлескен жедел іздестірушілік, процессуалдық және алдыналушылық іс-шаралары мәселелерін шешу ешқандай заңнамалармен, құқықтық-нормативті актілермен реттелмеген болатын. Ынтымақтастықтың жаңа жолдарын іздеуге тура келді. Сондықтан посткеңестік мемлекеттердің ІІМ арасындағы халықаралық, ведомствоаралық келісім шарттарға қол қою үдерісі қолға алынды.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается история становления полиции независимого Казахстана.

RESUME

In the given article is investigated the history of police establishment of Independent Kazakhstan.